

ЕҢБЕК ЖОЛЫ ҰРПАҚҚА — ӨНЕГЕ, ЗАМАНДАСТАРЫНА — ҮЛГІ

Ал осы екі қасиетті ұштастырған адамның шығар биігі де, алар асуы да мол. Оқығанын тоқыған жанның, алған ілімін іске жаратқанның жетістігі көзге көрінеді, ауызға ілігеді. Өйткені білімді игерген бар да, оны көдеге жаратқан бар. Бұл екінің бірінің қолынан келеді деу қиын. Біздің осы мақаламыздағы кейіпкеріміз осы үдеден шыққан, қос қасиетті қатар меңгерген азамат. Өмір дейтін бұралаң соқпақтың бел ортасына келгенше бірсыпыра өткелден өткен, машақатты басынан өткерген, маңдай терін сарқа төккен Болатхан Заяданның еңбек жолын ұрпаққа өнеге етуге, замандастарына үлгі етуге өбден болады.

Әңгімемізді әріден өрбісек, сонау Моңғол Халық Республикасының Қобда қаласында дүниеге келген. Қазыханның отбасы 1961 жылғы 8 ақпанда қуанышқа кенелді. Шаңырақты шаттыққа бөлеген шекесі торсықтай ұлдан әке-шешесі үлкен үміт күтті. Бала күніндегі ойлы жанары болашағынан бір хабар бергендей-ақ еді. Қобда аймағындағы сомона бастауыш мектептің табалдырығын аттады. Ол оқушы кезінен биология, өмір және тірі табиғатқа деген қызығушылығы болып, тірі ағзаларды зерттеуді ұнатқан. Білім ошағын үздік

оның базасында қазіргі уақытта микробалдырлар мен цианобактериялардың молекулалық-генетикалық таксономиясы, микробалдырлар биологиясы мен экологиясы, фототрофты микроорганизмдердің физиологиясы, биохимиясы және биотехнологиясы бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Қазіргі уақытта ол алыс және жақын шетелдерде және Қазақстанда 20-ға жуық патенттер мен 400-ден астам жарияланымдардың, оның ішінде 15 кітап пен 5 монографияның және International

ге бағытталған үлкен жұмысты жүзеге асыруда. Биотехнология кафедрасының және Қазақстандағы фотобиотехнология бағытының заманауи жағдайы, негізінен профессор Заядан Болатхан Қазыханұлының еңбектері және зерттеулерімен алдын ала айқындалған деп толық негізбен айтуға болады.

Қазіргі уақытта Б.К. Заядан белсенді қоғамдық қызмет етуде. Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми кеңесінің (ҰҒК) мүшесі. Ол ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің биологиялық ғылымдар бойынша Сараптамалық кеңесі төрағасының орынбасары болды.

Сондай-ақ Болатхан Заядан Биотехнология мамандығы бойынша Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Мамандандырылған докторлық кеңесінің мүшесі, ҚазҰУ хабаршысы журналының бас ғылыми редакторы («Экология» сериясы), International Journal Biology and Chemistry және ҚР ҰҒА Хабаршы журналының биологиялық және медициналық сериясының редакциялық алқасының мүшесі. Ол республикалық оқу-әдістемелік кеңестің биология мамандығы бойынша комиссия төрағасы.

Болатхан Қазыханұлы әріптестері мамандығына адал, қоғамына жанашыр азамат ретінде таниды. Оның адамдық болмысы мен ғылымдық келбеті бір-біріне үйлесім тапқан. Айналасына еңбекқорлықтың нағыз үлгісін танытып жүрген оған қарап көптеген жас ғалымдар бой түзейді, өмірлеріне сабақ алады, руханиятымызды дамытудағы еңбегі ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

Болатхан Қазыханұлы — ғылым саласында ойып тұрып орын алып үлгерген азамат. Оның ғылыми еңбектері жоғары оқу орындары студенттерінің терең білім алуына зор үлес қосып жатқанын баса айту қажет. Біз ғалымнан әлі де үлкен жаңалықтар күтеміз. Өйткені оның еңбекқорлығы, ізденістігі, тәжірибесі осындай үміт-кеңетелейді.

Осындай жолдардан өтіп, үлкен белестерді бағындырған, асуларды алған Болатхан Заядан биыл ердің жасы алпысқа толады. Мерейтой иесінің әлі елге берері де көп, елдің одан көп дүниені күтері де анық. Ендеше, ісіне дәйім сәттілік, шығармашылық табыс тілейміз!

Фарица САРСЕКЕЕВА,
PhD доцент м.а.,
Меруерт БАУЕНОВА,
PhD аға оқытушы,
Азиза ТӨКЕН,
оқытушы.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биология және биотехнология факультеті, биотехнология кафедрасы



Биология және биотехнология факультетінің деканы Б.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Заядан Болатхан Қазыханұлы

бітірді. Ұлан-Батыр қаласындағы іргелі оқу орындарының бірі Моңғол ұлттық университетіне құжаттарын тапсырды. Биодизика және биология мамандығы бойынша 1984 жылы бітіріп шықты. Ғылыми ізденісін университеттен кейін де жалғастырып, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің (СПМУ) генетика және селекция кафедрасының аспиранты атанды. 1996 жылы 03.00.15 — «Генетика» мамандығы бойынша «Норфлуразонға төзімді *Chlamydomonas reinhardtii* мутантты штамдардың генетикалық талдауы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Үмітін үкілеген жас ғалым мұнымен шектеліп қалмай 2000 жылы Үндістанның Хайдарабад қаласында Дели ғылыми-практикалық орталығының тәжірибе-жинақтаушысы болып қызмет атқарды. Адамның бір қанаты арман емес пе? Сол арман Болатханды Алматыға жетелеп алып келді. 2002 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биология кафедрасының докторанты атанды.

Б.К. Заядан фотобиотехнология зертханасын құрды,

Journal of Hydrogen Energy, Journal of Biotechnology, Genome Announcements, FEMS Microbiology Letters, Photosynthesis Research, Russian Journal of Plant Physiology, Microbiology, Applied Microbiology and Biotechnology, Renewable and Sustainable Energy Reviews сияқты халықаралық, жоғары рейтингті журналдарда жарияланған 80-нен астам мақалалардың авторы.

Б.Заядан қазіргі таңда биология және биотехнология факультетінің деканы қызметін атқара отырып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау сапасын арттыруға және олардың жоғары білім деңгейін қамтамасыз ету-

